

БЛАГОДАРИЯ СОВМЕСТНОЙ РАБОТЕ УЧАСТНИКОВ ГРУЗОВОГО ФОРУМА МЕЖДУНАРОДНОГО СОЮЗА ЖЕЛЕЗНЫХ ДОРОГ (МСЖД) УДАЛОСЬ РЕШИТЬ МНОЖЕСТВО ЗАДАЧ ПО РАЗВИТИЮ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО ТРАНСПОРТА В ЕВРОПЕ И АЗИИ.

Франсуа ДАВЕННЕ,
генеральный директор МСЖД



№37 (2645)
25/05/2021


ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

УПРАВЛЯТЬ ПЕРСОНАЛОМ ПО-НОВОМУ

В АО «НК «ҚТЖ» объявлен набор третьего потока слушателей HR-Академии. К настоящему моменту в рамках этого проекта повышение квалификации прошли порядка 230 сотрудников компании.



Роман ЛЮБИМОВ,
Нур-Сұлтан

Главная цель HR-Академии ҚТЖ – формирование самой эффективной HR-команды в группе фонда «Самрук-Қазына», обновление HR-экспертизы, а также смещение фокуса с кадрового администрирования на более ценные для бизнеса процессы: наем, оценка, обучение, мотивация.

HR-Академия запущена в 2019 году и функционирует за счет внутренних ресурсов компании. Она предполагает модульное обучение длительностью 1-3 дня в группах по 20-30 человек. В среднем планируется обучать по 4 группы в год. Слушатели академии – сотрудники HR-службы центрального аппарата, филиалов и дочерних организаций

АО «НК «ҚТЖ». Внутренние тренеры компании, главные специалисты соответствующих подразделений, а также директор по HR Тамара Микучич проведут для них обучающие семинары по развитию компетенций и навыков, необходимых для эффективной работы HR. Обучение пройдет в дистанционном режиме. Часть теоретической базы при подготовке работников HR-подразделений предлагается отдавать на самообучение.

Стоит отметить, что при отборе кандидатов для третьего потока будут учитываться такие личностно-деловые качества, как обучаемость, лидерский потенциал, коммуникативность и инициативность. К настоящему времени по группе компаний АО «НК «ҚТЖ» насчитывается порядка 1 200 работников HR.

В первом потоке на базе HR-Академии обучились 26 сотрудников различных подразделений. А в рамках второго потока в прошлом году курсы повышения квалификации прошли 202 человека.

Они прослушали темы «Основы HR», «Интервью по компетенциям», «Рекрутмент», «Оценка деятельности», «Оплата труда, компенсации и льготы», «Цифровые навыки для эффективной работы», «Обучение и развитие персонала», «Развитие корпоративной культуры и внутренних коммуникаций».

– На курсах мы узнали о новых решениях, позволяющих трансформировать достаточно устаревший «отдел кадров» в современное «управление персоналом», – поделилась начальник отдела по корпоративным вопросам филиала АО «KTZ Express»

– «Северный» Майя Султанхметова. – Новые бизнес-задачи компании требуют привлекать работников, обладающих не только профессиональными, но и необходимыми личностно-деловыми качествами.

После обучения каждый слушатель прошел тестирование и получил сертификат о повышении квалификации.

– 99% обученных сотрудников оценили полученные знания как актуальные, новые и применимые в работе. 97,8% рекомендовали данное обучение работникам других структурных подразделений, – отметил тренер HR-Академии – главный менеджер группы развития персонала филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Многофункциональный центр обслуживания» Ербол Токтагазы.

ҚТЖ HR-академиясы тыңдаушылардың жаңа тобын жариялады

HR-Академия ҚТЖ объявила новый набор слушателей

ИЗ ВОСТОЧНОГО КИТАЯ В НИДЕРЛАНДЫ

Первый контейнерный поезд, следующий из восточного Китая в Нидерланды транзитом через территорию Казахстана, отправлен на регулярных сервисах АО «ОТЛК ЕРА».

Поезд в составе 50 контейнеров отправился в путь со станции Йоухамэнь, город Нанкин, в направлении Тилбурга, Нидерланды, 10 мая текущего года. Общий вес груза – 455 тонн. Это электроника, автозапчасти, предметы ежедневного спроса, медицинское оборудование и другие товары.

Контейнерный поезд покинул Китай через порт Алашанькоу и следует по территории Казахстана, далее он пересечет Россию и Беларусь, после чего будет передан на Польшу. Затем проследует по территории Германии и, наконец, прибудет в Тилбург, Нидерланды, сообщили в пресс-службе совместного предприятия железных дорог Казахстана, России и Беларуси – АО «ОТЛК ЕРА». Общая протяженность пути составляет 11 583 километра.

– География маршрутов контейнерных поездов из Китая в Европу, следующих транзитом по территории Казахстана, России и Беларуси в регулярных сервисах ОТЛК ЕРА, продолжает пополняться новыми локациями в Восточном Китае. Это внушает оптимизм в достижении общей цели – увеличения трафика между Китаем и Европой до миллиона контейнеров в год, – отметил генеральный директор АО «ОТЛК ЕРА» Алексей Гром.

Любовь РОББА, Нур-Сұлтан

ЖҮК ФОРУМЫНА ҚАТЫСТЫ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ делегациясы Еуропалық және Азия-Тынық мұхиты аймақтарының 25-тен астам теміржол компанияларының өкілдерімен бірге Халықаралық теміржолдар одағының (ХТЖО) Жүк форумына бейнеконференция режимінде қатысты.

Форумға қатысушылармен байланысқа шыққан ХТЖО Бас директоры Франсуа Давенне Еуропа мен Азияның теміржол көлігін дамыту бойынша міндеттерді шешуде бірлесіп атқарылған жұмыстардың маңыздылығын атап өтті. Жиын барысында жүк тасымалы саласындағы инновациялар, цифрлық бастамалар, жүк тасымалындағы экологиялық аспектілер, трансконтинентальдық дәліздер мен бағдарларды дамыту мәселелері талқыланып, 2019-2021 жылдар аралығында қолданыстағы жобалар бойынша есептер тыңдалды. Сондай-ақ, 2022 жылға жоспарланып отырған жаңа жобалық бастамалардың көрсетілімі болды. Басқосу кезінде қатысушылар Covid-19 пандемиясы кезінде таралып отырған қазіргі жағдайда теміржол тасымалының жүйелік маңыздылығына, Жібек жолы дәліздерін дамыту қажеттілігіне, олардың бәсекеге қабілеттілігін және беріктілігін арттыруға ерекше көңіл бөлді.

Сарапшылардың пайымдауына, дамыған инфрақұрылым мен сапалы сервисті құру еуразиялық бағдарлардың табысты жұмыс істеуіне ықпалын тигізбек. Ал дәліздерді дамыту бірінші кезекте тасымалдау үдерісіне қатысушылардың барлығының бірлесуіне қажетті. Халықаралық Теміржолдар одағы теміржол көлігінің эргономикалық пайдаланылуын қамтамасыз етуге көмектесуін жалғастыру керек. Болжам бойынша, Еуразиялық Жібек жолы арқылы теміржол тасымалының көлемі 2030 жылға қарай 1.7-2.6 миллион ДФЭ-ні құрайды деп күтілуде. Жиынға қатысушылар өзара тиімді қолдаудың жоғары деңгейін атай келіп, ХТЖО Жүк форумы шеңберінде ішкі ынтымақтастықтың одан әрі қарай жалғасуына тілектестіктерін білдірді. Форумның келесі отырысы осы жылдың қараша айына жоспарланды.

Ислам ТАЛПАТ, Нур-Сұлтан

Көкейкесті

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК – ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

Қоршаған ортаны қорғау – өзекті мәселе. Магистральдық желі дирекциясы экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында жоспарға сай іс-шараларды тұрақты жүргізіп келеді. Жыл сайын қоршаған ортаға зиянды қалдықтардың әсерін азайтуға қаражат бөліп, өндірістік қалдықтарды жоюға арналған шарттар да уақытылы жасалады.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Нур-Сұлтан

Дирекцияның Өндірістік қауіпсіздік және экология бойынша функционалдық бағыт менеджері Баян Смаилованың мәліметі бойынша өткен жылы 46 тоннаға жуық пайдаланылған автомобиль шиналары, оргтехника, дәнекерлеу электродтарының тұқылдары, пайдаланылған май сүзгілері, лак-бояу материалдары мен фарфор оқшаулағыштарының ыдыстары, сондай-ақ 29 мың литрден астам пайдаланылған майдың барлық түрлері кәдеге жаратылған. Дирекция бойынша жарықтандыру жүйесі жаңғыртылып, 20650 дана лампалар энергияжинақтау түріне ауыстырылған. Ал Арал теңізі вокзалының жылыту жүйесі газға ауыстырылған.

– Өткен жылдың жетістіктерінің бірі Компанияға «Экологиялық қауіпсіздік» модулімен бірге өндірістік қауіпсіздіктің интеграцияланған жүйесін (ӨҚИЖ)

енгізу болды. Бұл модульге барлық деректер, яғни өндіру және өндеу процесінде атмосфераға, су және жер ортасына теріс әсер ететін өндірістік және өнеркәсіптік материалдар (көмір, отын, бензин және т.б.) енгізіледі. Бұл модуль зиянды заттар қалдықтарының ұлғаюын немесе азаюын бақылауға, оларды

рып, жабдықты жаңғырту жүргізілді, 220 кВ кернеуге 2 бірлік элегазды ажыратқыш, сондай-ақ 27,5-35 кВ кернеуге 18 бірлік вакуумдық ажыратқыш сатып алынды, – дейді Баян Смаилова.

Сондай-ақ, магистральдық желі дирекциясы 2019 жылдан бастап қағаз, шыны, пластик және ак-

кумулятор батареялары сияқты қалдықтарды бөлек сақтауды жүзеге асырып келеді. Қалдықтарды бөлу оларды мүдделі тараптарға беру қайталама шикізатты алу үшін оларды қайта өндеуге мүмкіндік береді. Осылайша, қалдықтарды сегрегациялау және оларды



Сабит РАМАЗАНОВ,
директор филиала АО «НК «ҚТЖ» –
«Акмолинское отделение магистральной сети»:

В РАМКАХ ЗАПЛАНИРОВАННЫХ РЕМОНТНЫХ РАБОТ В АКМОЛИНСКОМ ОТДЕЛЕНИИ МАГИСТРАЛЬНОЙ СЕТИ БУДЕТ ОТРЕМОНТИРОВАНО 103,3 КИЛОМЕТРА ПУТИ, ТО ЕСТЬ 19% ОТ ПЛАНИРУЕМОГО ОБЪЕМА 2021 ГОДА ПО АО «НК «ҚТЖ». ЭТО ПОЗВОЛИТ ПОДНЯТЬ СКОРОСТЬ ДВИЖЕНИЯ ПОЕЗДОВ ДО 140 КИЛОМЕТРОВ В ЧАС, УЛУЧШИТЬ ПЛАВНОСТЬ ХОДА И МИНИМИЗИРОВАТЬ ИЗНОС РЕЛЬСОВ

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

ҚАЗАҚСТАН МЕН ҮРІМШІ ТЕМІР ЖОЛЫ АРАСЫНДАҒЫ БИЫЛҒЫ ТАСЫМАЛ КӨЛЕМІ

25,2 млн тоннаға
жеткізілмек

АҚТӨБЕ ТЕМІР ЖОЛЫНДА БИЫЛ

73,8 км
жолға күрделі жөндеу жүргізіледі

АҚМОЛА ЖТ БӨЛІМШЕСІНДЕ БИЫЛ

103,3 км
жолға күрделі жөндеу жүргізу
жоспарланып отыр

ЖҮК ТАСЫМАЛЫ ЖОСПАРЛАНДЫ

Ислам ТАЛҒАТ,
Нұр-Сұлтан



ӘРІПТЕСТІК

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ мен «Үрімші темір жолы» ЖШҚ басшылығы бейнебайланыс режимінде екі ел арасындағы жүк ағынын арттыру мәселелерін талқылады.

Кездесуде Достық-Алашанькоу және Алтын-көл-Қорғас шекаралық өткелдері арқылы жүк тасымалдауды ұйымдастыру, астық жүктерін, өсімдік майын, темір кені шикізатын және т. б. тасымалдау мәселелері қаралды. Кеңеске қатысушылар екі тараптың бірлескен күш-жігерінің арқасында өткен жылдың қараша айынан бері тоқтап тұрған жабық вагондарда астық жүктерін қабылдау және түсіру мәселесі толық шешілгенін хабарлады.

Сонымен қатар, қазақстандық теміржолшылар экспорттаушылардың астық көлемін ұлғайту ниеті туралы хабарлады. «Үрімші темір жолының» өкілдері жаңа көлемді қабылдауға дайын екендіктерін білдіріп, азық-түлік жүктерін жабық вагондарда биг-бегтерге және астық таситын көліктерге тиетін қажеттілігін атап өтті.

Қазақстан тарапы аралас комиссиялардың 29-шы кеңесінде қол жеткізілген уағдаластықтардың орындалуына және қытай тарапының келісілген шекаралық өткелдер бойынша алмасу жоспарына сәйкес пойыздарды қабылдауды ұлғайту жөнінде шаралар қабылдауына назар аударды. 2021 жылға «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ мен «Үрімші темір жолы» ЖШҚ арасында 25,2 млн тонна көлемінде жүк тасымалдау жоспары келісілді, бұл 2020 жылға қарағанда 17%-ға артық болмақ. Жалпы, 2021 жылдың 4 айында ҚР мен ҚХР арасындағы жүк тасымалдау көлемі 7 млн тоннадан асты.

ЖАЗҒЫ КЕСТЕ ӘЗІРЛЕНУДЕ

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей



ЖОЛАУШЫ ТАСЫМАЛЫ

Өткен апта соңында ШҚО бас санитар дәрігерінің жаңа қаулысы жарияланды. Онда жазылғандай, Бұқтырма су қоймасындағы, Алакөлдегі және «Рахман қайнарлары» санаторийіндегі демалыс базаларының жұмысына рұқсат берілген.



Яғни, 1 маусымнан бастап шығыстағы барлық туристік базалар келушілерді қабылдай алады. Ал, осыған орай аймаққа ағылатын туристер нөпірі күтілуде. Қазіргі таңда шығыстағы ең ірі екі әуежай, Өскемен және Алакөл көлі жағалауындағы ұшып-қону алаңдары күрделі жөндеуге жабылғандықтан негізгі күш пойыз қатынасына түседі. Осы орайда ұлттық тасымалдаушы Алакөл бағытында қосымша жазғы пойыздарды іске қосуды жоспарлап отыр.

Нақтырақ айтсақ, 17 маусымнан бастап №457/458 «Семей-Достық» пойызы қунара қатынайды. Аталмыш жолаушылар пойызы Семей станциясынан – тақ күндері, Достық станциясынан жұп күндері жөнелтіледі. Сонымен қатар, дәл осы күннен бастап №459/460 «Өскемен-1-Достық» пойызы да қунара жүретін болады. Өскемен-1 станциясынан – тақ күндері, Достық станциясынан – жұп күндері аттанады. Ал 20 маусымнан бастап №257/258 «Нұр-Сұлтан-1-Достық» пойызы аптасына 2 рет қатынайды: жексенбі және бейсенбі күндері. Нұр-Сұлтаннан – дүйсенбі, ал Достықтан жұма күндері жүреді.

Бұдан бөлек, курорт аймағына аптасына екі рет қатынайтын №54/53 «Нұр-Сұлтан-Достық» пойызы, сондай-ақ жазғы кезеңде құрамында «Нұр-Сұлтан-Достық» тіркемелі вагоны бар №121/122 «Нұр-Сұлтан-Семей» пойызы, №6941/6942 «Ақтоғай-Семей» пойызына Ақтоғай станциясында қайта тіркелетін болады. Бұл орайда № 21/22 «Қызылорда-Семей» пойызы құрамына «Алматы-Достық» қатынасындағы тікелей вагон жалғанады.

– Семейлік теміржолшылар жазғы маусымдағы пойыз кестесіндегі бұл өзгерістерге қазірден бастап даярлық жасап жатыр. Жаңа кесте өңірдегі ұшақ қатынасының уақытша тоқтатылуына байланысты туындайтын қолайсыздықтарды жоюда зор мүмкіндік береді, – дейді бұл орайда Семей ЖТ бөлімшесінің шұғыл өкім беру бөлімінің басшысы Қайрат Ибраев.

Суретті түсірген автор

ТӨРТ АЙДАҒЫ ТИІМДІ ЖҰМЫС



СТАНЦИЯ ТЫНЫСЫ

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Станция басшылығы ең басты қағида – пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігінің қатаң сақталуына баса назар аударып талап етеді. Теміржолшылар сәуір айында 181 вагонға жүк тиеу межесін 203 вагонға жеткізді. 1020 тонна жүк тиеп, жоспар 112,5 пайызға асыра орындалған, 46512 тонна жүк түсірген. Қызылорда станциясының техникалық бөлім инженері Мөлдір Дәулеткелдиева ұсынған мәліметтер жыл басынан бергі төрт ай ішінде станциядағы жұмыс көрсеткіштері 100,0-140,90 пайыз аралығында асыра орындағанын көрсетеді.

– Ауысыммен жұмыс жасайтын теміржолшылар елдегі қалыптасқан пандемиялық ахуалға сай карантиндік сақтық шараларын қатаң сақтай отырып жұмыс жасауда. Таңертеңгілік ауысым алдындағы пысықтау инструктажымен қатар атқарылған жұмыс ауқымына орай шаруаларын жоспарлап, теміржолшылардың тынымсыз тіршілігі басталады. Маневрлік тепловозды тиімді пайдалану үшін олар станция кезекшісінің көмегімен бір жолдағы пойыздан жүк вагонын ажыратып, оны екінші бір жолдағы құрамаларға жалғап, келесі біріне қосу, ажырату, кірме-подьездік жолдағы вагондарды алып, тиісті бағыттағы пойызға тіркеу, жүгі түсірілетін вагондардың қржатын рәсімдеп, вагонның босатылуын реттеу секілді жұмыстардың барлығын станциядағы кірме және станциялық жолдарында атқаруда. Өндірістік жұмыстар үшін станциялық жолдар жеткілікті.

Қызылорда станциясының теміржолшылары пойыздық және маневрлік жұмыстар кезінде пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін қатаң сақтай отырып, жыл басынан бергі жүктелген тапсырмаларды толық орындап отыр.



БИЫЛҒЫ ЖЫЛДЫҢ ТӨРТ АЙЫНДА ҚЫЗЫЛОРДА СТАНЦИЯСЫНДА ЖҮК ТҮСІРУ ЖӘНЕ ЖҮК ТИЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖОСПАРДАН АСЫРА ОРЫНДАЛЫП, КӨРСЕТКІШТЕР 100 - 140 ПАЙЫЗ АРАЛЫҒЫН ҚҰРАҒАН. ТЕМІРЖОЛШЫЛАР ЕЛДЕГІ ҚАЛЫПТАСҚАН ПАНДЕМИЯЛЫҚ АХУАЛҒА САЙ КАРАНТИНДІК САҚТЫҚ ШАРАЛАРҒА ҚАТАҢ САҚТАЙ ОТЫРЫП ЖҰМЫС ЖАСАУДА.

Станция жұмысының басым бөлігін құрайтын жастардың ынтымағы жоғары, бірлігі бекем, – дейді станцияның техникалық бөлімінің инженері Мөлдір Дәулеткелдиева.

Станциялықтардың төрт айдағы өндірістік жұмыс көрсеткіштерін асыра орындау жұмыстың тиімді ұйымдастырылуы мен теміржолшылардың кәсіби дайындығын көрсетсе керек. Олар төрт айда 543 вагонға жүк тиеу межесін 738

вагонға жеткізіп, жоспарды 135,91 пайызға асыра орындаған. Жүк вагондарына 33123 тонна жүк тиеу межесін 46672 тоннаға жеткізіп, жоспарды 140,90 пайызға орындаған. Сонымен қатар олар карантиндік шарттардың қатаң сақталуын да естен шығарған емес. Талаптардың сақталуын әртүрлі тексеру жасайтын басшылық құрам да уақытылы қадағалап, назарда ұсап отырады.

Суретті түсірген автор

СЫБАЙЛАСТЫҚПЕН КҮРЕС САЯБЫРСЫМАЙДЫ



ЖЕМҚОРЛЫҚ-ІНДЕТ

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС – «Жамбыл бөлімшесі» филиалында «Теміржол көлігінде сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті қамтамасыз ету» тақырыбында кеңес өтті.

Асхат РАЙҚҰЛ,
Тараз

Жынды ашқан бөлімше директоры Үмітбек Рысбеков алдымен компанияның жемқорлыққа қарсы саясатын тиімді іске асыру бағытындағы шаруаларды, осы саладағы мақсаттар мен міндеттерді атап өтті.

«Біз атқаратын лауазымына қарамастан, барлық қызметкерлеріміздің сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне бару тәуекелін мүмкіндігінше азайтуды көздейміз. Сол үшін лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерге қоғамның бұл дертіне мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруға мүдделіміз. Еліміздің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы-

ның негізгі талаптары мен қағидаттарын, «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының нормативтік-құқықтық актілерін білуді және сақтауды талап етеміз», – деп атап өтті Үмітбек Есмұратұлы.

Басқосуда ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаменті басшысының бірінші орынбасары Равиль Төлебаев сөз алып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жайында жан-жақты түсіндірді.

«Жеке тұлғаларға сыйақы, сыйлықтар немесе жеңілдіктер бергені үшін Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 676-бабы бойынша 200 АЕК көлемінде айыппұл салынады.

Бұл қазіргі көрсеткішпен шамамен 600 мың теңгені құрайды. Егер мұндай сыйақы немесе сыйлық заңды тұлға тарапынан шығатын болса, онда мұндай іс-әрекеті үшін де заң аясында сараланатын болады және айыппұл көлемі 700 АЕК-ке дейін өседі. Ал бұл 2 миллион теңгеден асып жығылады. Мұндай құқық бұзушылық бір жыл ішінде қайталап жасалған жағдайда заңды тұлға екі есе – 1500 АЕК немесе 4,5 миллион теңге көлемінде мемлекеттің қазынасына төлейді», – деді Р.Төлебаев.

Жамбыл облысы көлік прокурорының бірінші орынбасары Нұрбол Жораев шарттық және коммерциялық жұмыстарды басқарудың автоматтандырылған жүйесі жайында әңгімеледі. Бұл теміржолшылардың жүктерді жөнелтушілер мен алушыларға қызмет көрсетуінің сапасын едәуір арттыруға мүмкіндік беретін көрінеді. «Сонымен қатар тасымалдауды жоспарлау, тасымалдау құжаттарын рәсімдеу, жүк тасымалдары үшін ақы төлеу, электрондық алдын ала ақпараттандыру, ақпараттық жүйелердің трансшекаралық өзара іс-қимылын автоматтандыруды көздейді. Мұны салаға енгізілген оң өзгеріс ретінде бағалау керек», – деді құзырлы орган өкілі.

ВОКЗАЛДА ТҮТАНҒАН ӨРТ...



ОҚУ-ЖАТТЫҒУ

Ақтөбе теміржол вокзалының бірінші қабатында электр желісі қысқа тұйықталып, ғимарат ішін қалың түтін басты. Өрт сөндірушілер қызыл жалынның жайылуын болдырмай, вокзалдағы жолаушыларды құтқару қызметін шұғыл ұйымдастырды...

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Құтқару қызметі автосатының көмегімен төртінші қабаттан екі адамды құтқарып, медициналық апатты құтқару қызметкерлеріне табыстады. Теміржол вокзалында өткен оқу-жаттығу сценарийі осылай басталды.

Өрт сөндірушілердің біліктілігін шыңдап, тәжірибесін арттыруға негізделген оқу-жаттығу жұмыстары 18 мамыр күні өтті. Оқиға өрт сөндірушілерге шынайы әсер қалдыру үшін жаттығу алаңы ретінде адам көп шоғырланған Ақтөбе темір жол вокзалы таңдалған. Біліктілікті арттыруды көздейтін оқу-жаттығу жұмыстары облыстық төтенше жағдай департаментімен бірлесіп жүргізілді. Шараға теміржол саласындағы төтенше жағдайға жауапты барлық мекемелер жұмылдырылған. Атап айтсақ, Ақтөбе өрт сөндіру пойызынан 12 адам, 8 вокзал

қызметкері, әскерилендірілген күзет бөлімінен 6 адам, көліктегі полиция мекемесінен 6 адам, Ақтөбе станциясынан 2 адам және Ақтөбе магистральдық желі бөлімінің басшылық құрамы қатысты. Бекітілген жоспар бойынша өткізілген оқу-жаттығу жұмысына мамандар жоғары баға берді.

«Оқу-жаттығу жұмыстары Ақтөбе мемлекеттік емес өртке қарсы қызметінің ұйымдастыруымен өтті. Мұндай жаттығулардың басты мақсаты – теміржол вокзалында төтенше жағдай туындағанда вокзал қызметкерлерінің жолаушыларды қауіпсіз жерге көшіріп, бекітілген тәртіп бойынша әрекет етуін, сонымен қатар, темір жол өрт сөндіру мекемесі, көліктегі полиция, әскерилендірілген күзет бөлімдері мен қалалық өрт сөндіру



бөлімдерімен бірлесіп құтқару жұмыстарын қамтамасыз ету болмақ. Оқу-жаттығу жұмыстары өз мақсатына жетіп, жоғары дәрежеде орындалды», – дейді Ақтөбе мемлекеттік емес өртке қарсы қызметінің бастығы Әділ Құбаев.



Бүгінгі күні Ақтөбе мемлекеттік емес өртке қарсы қызметінің қарамағында бес өрт сөндіру пойызы мен бір өрт сөндіру бекеті бар. Тоқсан сайын әрқайсысына бір-бірден оқу-жаттығу жұмысы бекітілген. Мекемеде бір жылдың ішінде 24 оқу-жаттығу жұмыстары өтеді. Бұл жеке құрамның жаттығуда жақсы шындалып, өрт кезінде оңай әрекет етуге дағдылануға пайдасы зор дейді мамандар. Көрсеткіш бойынша профилактикалық жұмыстар мен оқу-тәжірибе бойынша Ақтөбе мемлекеттік өртке қарсы қызметі бірінші тоқсан бойынша алдыңғы орыннан үмітті. Көрсеткіш жаман емес.

Алда – өрт қаупі басым жаз айлары, сондықтан өрт сөндірушілер мекемелерге өрт қауіпсіздігін сақтау ережелерін ескертуді күшейткен.

Суреттерді түсірген автор

Контейнеризация

БОЛЬШЕ ПЕРСПЕКТИВ ДЛЯ РАЗВИТИЯ И РОСТА

В Костанайском регионе увеличились объемы контейнерных перевозок. Значительную роль в этом сыграло открытие нового транспортно-продовольственного логистического центра. Так, если за 2020 год было погружено и отправлено 10 контейнерных поездов, то только за первый квартал текущего – 8 составов.

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

Как сообщил заместитель директора по логистике Костанайского отделения грузовых перевозок Ерден Аманов, за 12 месяцев 2020 года было сформировано и отправлено 144 маршрута зерна, из них назначением САЗ – 68, порт Актау – 33, Достык КНР – 19, по Казахстану – 24. Уже за первый квартал 2021 года сформировано и отправлено 25 маршрутов зерна, из них назначением САЗ – 10, порт Актау – 7, Шымкент – 4, Достык КНР – 4.

– Сегодня погрузка и перевозка в среднеазиатские страны в основном осуществляется обычным методом – то есть крытыми вагонами, тогда как в мире развиваются мультимодальные перевозки, в цепи которых находятся контейнеры, – говорит и.о. директора Костанайского отделения ГП Азамат Шарсеитов. – Уже сейчас контейнерные перевозки успешно практикуются в границах Костанайского отделения ГП.

Если за 2020 год было погружено 385 фитинговых платформ, 640 контейнеров, включавших в себя только зерновые культуры и продукты перемолта, то за первый квартал 2021 года уже погружено грузов в контейнерах 338 вагонов, 426 контейнеров, почти годовая норма целого прошлого года, помимо зерновых культур

добавился асбест. Еще одна выгодная тенденция – производить погрузку целыми контейнерными поездами.

Все контейнерные поезда отправились на Китай, что говорит о перспективности для данного направления. К предыдущим грузоотправителям контейнерных поездов присоединились: со станции Костанай –

“ ЗА ПЕРВЫЙ КВАРТАЛ 2021 ГОДА УЖЕ ПОГРУЖЕНО ГРУЗОВ В КОНТЕЙНЕРАХ 338 ВАГОНОВ – ПОЧТИ ГОДОВАЯ НОРМА ВСЕГО ПРОШЛОГО ГОДА, ПОМИМО ЗЕРНОВЫХ КУЛЬТУР ДОБАВИЛСЯ АСБЕСТ. ”

ТОО «PIONEER-LUXS», ТОО «ЕвроАзия Агро», ТОО «S-Agro», ТОО «Трансальпина», ТОО «Зернофф ЛТД», со станции Денисовка – ТОО «Агро А.Р.Т.», ТОО «Содружество-17». Значимым событием было отправление контейнерного поезда с асбестом со станции Житикара.

– Ежемесячно мы проводим совещания с грузоотправителями, призывая их производить погрузку в контейнерах, – говорит

Ерден Аманов. – Ведь данный вид перевозки имеет большое количество положительных моментов: варианты погрузки на элеваторе и на местах хранения зерна (склады, амбары), возможность перевозки на дальние расстояния с более высокой скоростью и без необходимости перегрузки в пути следования, обеспечение сохранности груза. За контейнерными перевозками будущее. К примеру, из Узбекистана со станций Абыл, Асака, Питняк для предприятия ТОО «СарыаркаАвтоПром» и по всему Казахстану за 2020 год под выгрузку прибыло 3 955 контейнеров с комплектующими деталями для автомобилей. В текущем году предприятие ожидает увеличение объемов.

Также по Костанайскому отделению ГП ведется работа по маршрутизации зерна. В целях клиентоориентированности, ускорения доставки грузов от грузоотправителей до грузополучателей с разных станций отделения ГП формируются зерновые маршруты.

– Необходимо уже сегодня выстраивать логистику нашим грузоотправителям с грузополучателями в среднеазиатских странах по вопросу перевозки грузов в контейнерах, – говорит Азамат Шарсеитов. – Мы вам сельскохозяйственную продукцию в контейнерах, а вы нам другой ассортимент грузов либо транзитом через наш Казахстан.



ГУМАНИТАРНЫЙ ГРУЗ СОСЕДЯМ

Светлана МОГАЙ,
Караганда



В 2020 году со станций Карагандинской области отправлено 83 вагона социально значимого груза в зарубежные страны.

Во втором полугодии текущего года планирует продолжить отправку гуманитарной помощи посредством железнодорожного транспорта. Об этом сообщил заместитель начальника отдела логистики ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП» Асет Жумадилов.

Как известно, прошлый год был сложным из-за пандемии коронавируса. В связи с этим многие страны нуждались в гуманитарной поддержке.

– Наша страна в числе первых решила оказать помощь соседним государствам, – рассказывает Асет Жумадилов. – Так, в 2020 году со станций Карагандинской области было отправлено 83 вагона с гуманитарной помощью. Со станции Майкудук 60 вагонов ушло в Кыргызстан, со станции Калагир 23 вагона с мукой, макаронами, гречневой крупой – в Афганистан и Узбекистан.

В наиболее бедственном положении оказались жители Афганистана, которые пострадали не только от пандемии, но и от наводнения. Дружественный Казахстан протянул руку помощи соседней стране. Гуманитарную помощь получили жители провинций Балх, Парван, Панджшер, Логар, Вардак, Баглан и Саманган. Аналогичный груз был отправлен и в Узбекистан.

В период карантина в Кыргызстан было направлено несколько тысяч тонн пшеничной муки. Весь груз в соседние и зарубежные страны доставлялся по железной дороге с соблюдением всех санитарно-эпидемиологических норм.

Безопасность

НЕОБХОДИМ КОМПЛЕКС МЕР

Разработанные меры в Алматинском эксплуатационном локомотивном депо существенно позволяют изменить создавшееся положение с обеспечением безопасности движения поездов. Здесь акцент делается не только на качественном проведении технических занятий, но и на профилактических мероприятиях.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

– Решение проблемы безопасности движения требует целого комплекса мер. Мы должны работать параллельно по всем направлениям. И не только в отношении локомотивных бригад. Ведь зачастую нарушения закладываются другими работниками железной дороги, а машинист – как последнее звено на страже безопасности движения – должен предотвратить событие, – отмечает начальник Алматинского эксплуатационного локомотивного депо Болатказы Толекпаев.

Особенно важна правильность действий локомотивной бригады при возникновении отклонений от нормальных условий ведения поезда. Во всех фазах движения необходимо строго выполнять требования различных инструкций. Важно четко соблюдать Правила технической эксплуатации.

Замечания и претензии локомотивщиков отражены в Книге замечаний. Только с начала года от машинистов поступило 1 237 рапортов против 959 аналогич-

ного периода прошлого года. Зато уменьшилось количество нарушений по расшифровке скоростемерных лент, с начала года допущено 34 нарушения против 40 того же периода прошлого года. Снизились и экстренные торможения, локомотивными бригадами применено 153 экстренных торможения, в прошлом году – 222.

По-прежнему острая ситуация складывается по наездам на людей, скот и автотранспорт. С начала года зарегистрировано 52 случая экстренного торможения, примененного в отношении людей, против 50 за прошлый год. Уменьшились наезды на скот, с начала года зафиксировано 48 случаев против 96 аналогичного периода 2020 года, 2 случая на автотранспорт.

Касательно работы АЛСН, на локомотивах допущен 321 случай сбоя против 355 аналогичного периода в 2020 году.

Если говорить непосредственно о мерах по повышению безопасности движения, то присталь-



ное внимание в Алматинском эксплуатационном локомотивном депо сфокусировано на следующих вопросах. Первый – изучение основных положений нормативных правовых актов, регламентирующих обеспечение безопасности движения поездов (ПТЭ, ИСИ, ИДП, других локальных документов) и изменений, вносимых в них.

Второй – действия локомотивной бригады при вынужденной остановке поезда на перегоне, при возникновении неисправностей тормозного оборудования, при запрещающих показаниях светофоров, анализ причин и последствий допущенных на железной дороге грубых нарушений безопасности движения.

Фото автора

ПРОВЕРИЛИ ЗНАНИЯ МАШИНИСТОВ



С локомотивными бригадами Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо (ТЧЭ-22), выделенными для вождения пассажирских и пригородных поездов на график движения 2021-2022 годы, прошли личные собеседования.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

Как информировал машинист-инструктор ТЧЭ-22 Рустем Мусекенов, 20 мая в депо состоялась заседание квалификационной комиссии по собеседованию с локомотивными бригадами под председательством

начальника Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо Ермека Смагулова. На заседании присутствовали как представители самого предприятия, так и ревизорского аппарата департамента безопасности движения АО «НК «КТЖ» по Восточно-Казахстанскому участку.

Собеседование с локомотивными бри-

гадами, выделенными для вождения пассажирских и пригородных поездов на график движения 2021-2022 годы, было проведено методом устного опроса. Он проводился для того, чтобы проверить знания нормативной документации по управлению автотормозами и ЭПТ, регламента по выводу пассажирских поездов с перегона в аварийных и нестандартных ситуациях и других нормативных актов.

По Оскеменскому эксплуатационному локомотивному депо филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Семейское отделение ГП» подлежали собеседованию 33 машиниста тепловоза и 34 помощника машиниста тепловоза. Локомотивные бригады личного собеседования прошли успешно.

К слову, собеседования проводятся во исполнение требований факсограммы от 14 мая, подписанной главным менеджером департамента безопасности движения АО «НК «КТЖ» Ниязбеком Жанабаевым и заместителем генерального директора по организации перевозочного процесса ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Маратом Ибраевым.

Фото Рустема МУСЕКЕНОВА

ВАЖНЫЙ УРОК

Любовь РОВБА,
Нур-Султан



Ученикам средней школы имени А. Укубаева города Державинска в ходе профилактической беседы «Железная дорога – зона повышенной опасности» рассказали о правилах поведения вблизи стальной магистрали.



Работники станции совместно с представителями линейного отдела полиции ознакомили школьников с несчастными случаями наезда на людей. Они отметили, что родители, которые проходят по путям с ребенком в неустановленном месте, подлезают под грузовыми составами, чтобы сократить путь, будут привлечены к административной ответственности за ненадлежащее воспитание ребенка. Ведь, копируя поведение старших, ребенок без их сопровождения тоже не поднимется на пешеходный мост, чтобы перейти пути безопасно. Никакие отговорки со стороны взрослых не имеют смысла, так как на карту поставлена жизнь ребенка и его безопасность.

Железнодорожники признают, что в условиях развития высокоскоростного движения детский травматизм вызывает особую тревогу и требует принятия первоочередных мер для решения этого вопроса. На сегодня наиболее эффективным методом предотвращения детского травматизма становится недопущение несанкционированного нахождения детей и подростков в зоне движения поездов, так как они не всегда могут оценить реальную опасность и быстро отреагировать.

Державинские школьники с интересом слушали гостей и задавали много вопросов. В рамках встречи сотрудники полиции раздали ученикам профилактические памятки. Руководство школы поблагодарило железнодорожников и полицейских за заботу о младшем поколении.

Фото автора

АКЦИЯ: «АҒАШ ОТЫРҒЫЗ!»



Биылғы жылды «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Экологиялық мәдениет жылы деп жариялады. Атаулы жыл аясында «Ағаш отырғыз», «Жина және өткіз» экологиялық акциясы мен байқауы ұйымдастырылуда.



Жан ПЕРДЕБЕК,
Түркістан

Мысалы, табиғатты аялауға бағытталған марафонда теміржолшыларға қалдықтарды бөлек жинау талап етілді. Атап айтқанда, қағаз, пластик, шыны, шина, АКБ, оргтехникалар қалдықтарын жинап өткізіп, қаржылай табыс табу міндеттелді.

Ал сәуір айында «Ағаш отырғыз» акциясы өтті. Оған Шымкент жүк тасымалы бөлімшесіне қарасты барлық станциялар мен кәсіпорындар түгелдей атсалысты.

«Сәуір айында Түркістан локомотив депосы, Арыс локомотив депосы, Арыс вагон депосы және Шымкент жүк тасымалы бөлімшесі, барлығын қосқанда жалпы 249 тал егілді. Былтыр көшеттер аз отырғызылған болатын. Биыл экология жылына байланысты қоршаған ортаны көгалдандыруға үлкен басымдық берілді. Ол көшеттерге қаражатты біз қағаз бен пластик қалдықтарды бөлек-бөлек жинап, өткізіп тауып отырмыз. Экологиялық мәдениетті біз өзіміз қалыптастырмасак, оны бізге

сырттан біреулер келіп орнатып бермейді. Қоршаған ортаны қорғау әрбіріміздің парымыз болуы керек», – деді «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Шымкент ЖТ бөлімшесінің қоршаған ортаны қорғау инженері Хамит Сматов.

Бұдан бөлек, теміржолшылар жалпы 8500 кв метр жерді қоқыстардан тазартып, 340 ағаш-талды түбін тазартып, әктеу жұмыстарын жүргізді.

Хамит Сматовтың айтуынша, аймақтық және желілік құрылымдағы жауапты мамандар жыл соңына дейін түрлі акциялар мен шаралар өткізіп, теміржолшылардың экологиялық мәдениетін көтеруге атсалысуы тиіс. Ай сайын ТЧЭ, ВЧД басшылары арасында жұмысшылармен қоршаған ортаны қорғау жөнінде «Экологиялық сағаттар» өткізіліп тұратынын да айта кетті. Сондай-ақ, бүгүлдінежузілік балаларды қорғау күніне орай алдағы 5 маусымда «Экология балалар көзімен» атты байқау ұйымдастырылмақ.

Суретті түсірген автор

ЗДОРОВЬЕ – САМЫЙ ЦЕННЫЙ РЕСУРС



Свыше 16% коллектива АО «НК «ҚТЖ» сделали прививку от covid-19. Ожидается, что для достижения коллективного иммунитета будут вакцинированы 70% работников компании.

Айлин БАУРЖАН,
Нұр-Сұлтан

18 788 работников АО «НК «ҚТЖ» вакцинировались в ходе прививочной кампании от коронавирусной инфекции covid-19 на 24 мая 2021 года.

Сделать прививку можно не только в крупных областных центрах, так и на маленьких станциях. В первую очередь прививаются железнодорожники, которые контактируют с большим количеством людей и обеспечивают движение поездов. Так, коллектив станции первого класса Жарык Карагандинского отделения ГП присоединился к акции «Мен екпе алдым» («Я вакцинировался») #Менекпеалдым #Я_вакцинировался, инициированной фондом «Самрук-Қазына» среди портфельных компаний. Дежурные по станции, поездные и маневровые диспетчеры получили первый компонент вакцины.

– Коллектив прививку перенес хорошо. На сегодня вакцинация – единственное эффективное и доступное средство в борьбе с коронавирусной инфекцией, – говорит начальник станции Галия Жунусова.

Молодые сотрудники отдела контроля ремонта эксплуатационного локомотив-



ного депо Костанай внесли свой вклад в формирование коллективного иммунитета. Ребята, получив вакцину, призвали коллег прививаться от коронавируса. Они уверены, что только массовая вакцинация способна остановить распространение инфекции, сохранить здоровье и обеспечить безопасность.

Как правило, вакцинация проходит без отрыва от производства, на базе медицинских кабинетов, действующих в депо и на станциях.

Фото автора

ПАПА, МАМА, Я – ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНАЯ СЕМЬЯ!



Интересные, познавательные конкурсы для детей железнодорожников, а также для них самих, объявили в ОО «Казпрофтранс» по Защитинскому узлу. Выполнять задания лучше всей семьей, а это всегда еще больше сближает!



Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

К Международному дню защиты детей проводится конкурс «Моя профессия...». Его юные участники должны будут написать небольшое эссе о том, какую профессию они хотят выбрать и почему. Ну, и конечно, сопроводить этот рассказ должно хорошее тематическое фото.

А с 15 мая ОО «Казпрофтранс» по Защитинскому узлу объявило конкурс «Темір жол family».

Для того чтобы принять в нем участие, нужно сделать видеоролик об истории создания семьи, при этом супруги должны быть железнодорожниками. Конкурс дает большое раздолье для фантазии и креатива!

Подведение итогов этого конкурса состоится 12 сентября, в День семьи в Казахстане. Организаторы обещают, что победителей ждут уникальные подарки. Да, а направлять материалы на конкурс нужно в профсоюзный комитет своего предприятия.

ЕКПЕ АЛУҒА ШАҚЫРАДЫ



Бүгінгі таңда «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС «Алматы ЖТ бөлімшесі» филиалына қарасты Достық станциясының қызметкерлері арасында коронавирус індетіне қарсы екпе салу науқаны белсенді жүруде.

Ұлан ОРАЗ,
Нұр-Сұлтан

Екпені станцияның басшылары, олардың орынбасарлары, бөлім бастықтары және қызметкерлері алып жатыр. Ресейлік «Спутник-V» вакцинасының бірінші кезеңінің компонентін 117 қызметкер алса, екінші кезеңінің компонентін 53 қызметкер алды. Вакцинациялау «Достық ауылдық емхана» орталығында өтіп жатыр.

Алдымен терапевт дәрігер әр қызметкердің қан қысымы мен дене қызуын

өлшеп, барлық тексеру шараларын жүргізеді. Сондай-ақ екпе алғаннан кейін үш күн бойы қалай күтіну керектігі жайында мағлұмат береді.

«Тек жаппай вакцинациялау ғана ұжымдық иммунитетті қалыптастырып, қатерлі індеттің бетін қайтаруға мүмкіндік береді. Денсаулық – зор байлық. Сондықтан баршаңызды осынау маңызды науқанға белсене қатысып, екпе алуға шақырамыз», дейді станцияның жүктерді орналастыру, бекіту және сұлбаларды әзірлеу, қарастыру зертханасының бастығы Даниір Бимашев.

СПОРТ

Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесі теміржолшылары арасында салауатты өмір салтын ұстанып, спортпен тұрақты айналысатындар көп. Жуырда бөлімше қызметкерлері арасында спорттық сайыстың кезекті түрі ұйымдастырылды.

ТЕННИС ОЙЫНЫНЫҢ ШЕБЕРЛЕРІ

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Үстел теннисінен өткен бұл бәсекеде филиалдың 18 қызметкері бөлімше директорының кубогы үшін сынаға түсті. Ойын тартысты әрі қызықты болды. Дегенмен бөлімше инженері Ерік Дандибаевтың шеберлігі басқалардан асып түсіп, ол бөлімше директорының кубогын жеңіп алып, сыйлыққа кілем алды. Екінші орынды техникалық бөлім бастығы Ернар Айдарханов еншіледі. Үшінші орынды кадр бөлімінің бастығы Екпін Қожахметов пен электрик Қанат Үкібаев өзара бөлісті.

Жарысты спортсүйер теміржолшыларға сәт сапар тілеп, Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесінің директоры Нәжімеден Ғұбашов пен бөлімшенің кәсіподақ комитеті төрағасы Әзірбай Тұрмағанбетов ашып берді. Сайыс соңында қорытынды есеп бойынша жеңімпаздар марапатын табыстады. Жақсы ойын көрсеткен қатысушылар кәсіподақ комитетінің қолдауымен диплом және құнды сыйлықтарға ие болды.

Ерлер арасындағы ұйымдастырылған сайыс бөлімше ғимаратындағы 2 үстел теннисін қойып, арнайы жабдықталған ерлер залында өтті. Әйелдер үшін де осындай зал жабдықталып, он жылдан бері теміржолшылар игілігі үшін қызмет етіп келеді.



– Түбек теміржолшыларының спортпен шұғылданыуына барынша қолайлы жағдай жасалуда. Мәселен, былтыр бөлімше директоры Нәжімеден Ғұбашовтың мұрындық болуымен жаңа тренажерлар сатып алынды. Кәсіподақ комитетінің төрағасы Әзірбай Тұрмағанбетовтың қолдауымен Мұнайлы ауданында орналасқан спортзалды теміржолшылар да пайдалану үшін келісімшарт жасалды. Арадағы келісімге сәйкес қазір теміржолшылар аптасына екі рет ауданның футболына барып, футбол ойып жүр, – дейді Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесінің кадр бөлімі бастығы Екпін Қожахметов.

Суретті түсірген автор

ЗНАЙ НАШИХ!

Ветеран спорта АО «НК «ҚТЖ» Болатбек Кажаяев стал бронзовым призером чемпионата РК по самбо среди ветеранов, который прошел в Туркестане.

Любовь РОВБА,
Нұр-Сұлтан

Состязания собрали порядка 300 сильнейших борцов страны в возрасте 35 лет и старше. Бронзовую медаль в возрастной категории 55-59 лет и весе 88 килограммов завоевал инструктор по спорту Акмолинского филиала ОО «Казпрофтранс» Болатбек Кажаяев.

Спорт и здоровый образ жизни сопровождают железнодорожника из Ақтөбесі әр со школьной скамьи. Целеустремленный, активный и талантливый спортсмен неоднократно становился победителем областных и республиканских соревнований, достойно защищая честь АО «НК «ҚТЖ». В свободное от работы время Болатбек Кажаяев занимается самбо, қазақ күресі і дзюдо. К слову, на прошедшем чемпионате по самбо среди ветеранов акмолинские спортсмены завоевали две серебряные и три бронзовые награды.

– Сейчас ветеранское движение в Казахстане на подъеме. Наши борцы занимают призовые места на чемпионатах мира, получают почетные звания мастеров спорта международного класса. Все серьезно занимается подготовкой, тренировки проводятся регулярно. За более чем год карантина из-за пандемии коронавируса мы очень соскучились по соревнованиям. Чемпионат прошел в дружественной атмосфере. Спортсмены с удовольствием вышли на ковер, и многие добились успехов, – поделился Болатбек Кажаяев.

Впечатливо бронзового призера и место проведения соревнований. Он признался, что Туркестан приятно удивил участников своей реконструкцией – новыми зданиями, дорогами, водными каналами, историческими и

культурными объектами, благоустройством сакральных мест и добрыми людьми.

Победители и призеры чемпионата Казахстана по самбо среди ветеранов получили право участвовать в первенстве Азии в Актау и чемпионате мира в Паланге (Латвия).

– Годы проходят, но в душе мы все еще молоды. Ветеранский спорт позволяет физически оставаться бодрыми, здоровыми и активными, открывая второе дыхание для новых побед. Хотю поблагодарить руководство АО «НК «ҚТЖ» за популяризацию спорта и здорового образа жизни, всестороннюю поддержку спортсменов-железнодорожников, это очень ценно, – отметил бронзовый призер Болатбек Кажаяев.

Фото автора



КАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ

КАЗКОЛІККӘСІП

Бас редактор
Дина Мүздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Әмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұл көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 20 000

Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады.
© «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.
Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, Р. Рахметова

Меншікті тілшілер:
Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шымкент: Жанжас Сындыбай 8-707-390-17-18
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Жамбыл: Асқат Райқұлов 8-700-330-01-53
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Надірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Костанай: Аслан Кудабаяв 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдаң Ертай 8-747-535-21-58
Ақтөбе: Ардақ Ерубаяв 8-702-843-27-97
Көкшетау: Надежда Новицкая 8-701-854-38-27

Редакцияның мекен-жайы:
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күнәлігі берілді.